

ОРТА МЕКТЕПТЕРГЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚИТУДЫҢ АРНАУЛЫ КУРСТАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ТУРАСЫНДА

Ә. С. Мұханбетқалиев, М. С. Ержақыпов, ізденушілер

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада орта мектеп оқушыларының шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың кейбір қырлары зерделеніп, қазіргі орта мектептегі шешендіктанудың арнаулы курстарының қажеттілігі қарастырылады. Сонымен қатар орта мектептердегі шешендік өнер арнаулы курстарының қазіргі қоғамдағы жан-жақты жетілген шешен тұлғаларға деген қажеттілікті қамтамасыз ететіндігі дәлелденеді.

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты формирования навыков ораторской речи школьников, аргументируется необходимость специального курса риторики в средней школе. А также приводятся доказательства по обеспечению школьных спецкурсов по риторике назревшей необходимостью общества в разносторонне развитых личностях-ораторах.

Some aspects of formation of oratorical speech skills at pupils are considered in the article; necessity of rhetoric special course at secondary school is reasoned. And also provides evidence for providing school specialized courses in rhetoric urgent need for society as a versatile development of personality-speakers.

Еліміз егемендік алғалы қоғамдық жүйелердің барлығы ұлттық құндылықтармен толықтырып, жаңаланып жатқан тұста білім беру саласындағы өзгертулер мен жаңартулар халықтық болмыс пен ұлттық құндылықтарға ойысып келеді. Ондағы негізгі мақсат – болашақ ұрпақты халықтық дәстүрмен тәрбиелеу, ұлттық қасиеттерді бойына сіңіре отырып олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Шешендік өнер халықтық-демократиялық ұстындар орнаған қоғамда ғана өсіп-өркендейді. Ақыл-ойға еркіндік шешендік өнердің дамуының алғашқы шарты болып есептеледі. Мысалы, ежелгі грек тарихында шешендік өнердің дамуына б.ж.с.д. 594-жылы Афин полисінің басқарушысы әрі ақыны Солонның құлдық құрылыс пен сот істерін демократиялауға бағытталған заңының себеп болғандығын шешендіктану ғылымының зерттеушілері растайды. Бұл заң бойынша Афиннің әрбір азаматы өз мүддесін өзі қорғауға тиіс болды. Осыған байланысты айтылатын сөзді алдын-ала даярлайтын сөз шеберлері (логографтар) көптеп пайда болған екен.

Өскелең ұрпақ өкілдері – мектеп оқушыларын шешендік өнерге үйретудегі негізгі маңыздылық: оның дүниетанымдық рөлінің зор болуы. Оқушының тіл байлығы мол, өткір, шешендік қабілеті дамыған болса, ол соғұрлым дүниедегі нәрселер мен құбылыстардың белгілерін де, қасиеттерін де толығырақ тани алады. Ол белгілер мен қасиеттердің айқындығы және ішкі мүмкіндігі басқа нәрселер мен құбылыстардың бойындағы белгілер мен ұқсастығы жағынан тереңдеп бойлай түседі, соның әдістерін меңгереді. Сөйтіп, бұл оқушыға шешендіктің сырын ұғындырып қана қоймайды, сонымен қатар оның ойлау қабілетінің де тереңдей түсуіне мүмкіндік жасайды. Қазіргі жағдайда мектеп оқушыларын шешендік өнерге үйретудің маңыздылығының бір қыры осында.

Ал шешендік білік-дағдылардың мұғалім тұлғасына тән қасиет болуы – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Біріншіден, шешендік өнер педагогке өз сөзін дәл, нақты, қисынды да дәлелді етіп құруға көмектеседі әрі оқушылармен шығармашылық әріптестік негізінде ұдайы пікірталас ұымдастыру арқылы сабақты қызықты көрініске айналдырып, берілетін мағлұмат көлемін әлдеқайда көбейтуге мүмкіндік туғызады. Екіншіден, шешендік өнер мұғалімге қиын деген сыныптармен байланыс жасауға, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, кез келген педагогтік әсердің негізінде мұғалімнің өзін сөз арқылы айқындау құбылысы

жатады. Сөз арқылы ол оқытады, тәрбиелейді, өз көзқарасын жеткізеді, оған баланы көндіреді, оқушының санасына ғажайып көрнекі бейнелерін туғызады. Міне осы тұрғыдан қарап отырсақ, мектеп оқушыларын шешендік өнерге оқытудың екі жақты тиімділігі бар екендігін аңғарамыз.

1990-1991 оқу жылынан бастап Ресей мемлекетінің мектептері мен лицей, гимназияларында, 1992-1993 оқу жылынан бастап отандық жалпы орта білім беретін оқу орындарында «Сөйлеу мәдениеті және риторика» атты арнаулы курстар енгізіліп, Ресей педагогикалық Ғылым академиясы әзірлеген әдістемелік нұсқау негізінде жасалған курс бағдарламасы бойынша сабақ жүргізіле бастағаны мәлім. Мектептегі қай пәннен болсын жүргізілетін арнаулы курстардың мақсаты – әр оқушының қабілетін айқындау, оны даралап сол бағытта дамыту, баулу болмақ. Мұның оқушылардың келешегіне жол ашуға және өз ісінің табанды, білгір маманы болуына негіз қалары сөзсіз. «Сөйлеу мәдениеті және риторика» арнаулы курсы бойынша жүргізілетін сабақтардың басты міндеті – оқушылардың ана тілі мен әдебиетінен алған білімдері мен икем-дағдыларын теориялық және практикалық жағынан дамытып, ауызекі сөйлеу тілі мен ресми сөйлеу тілінің ерекшеліктерін, шеберлігін, шешендік сөз өнерінің тәлімдік сипаттарын таныту», – деп тұжырымдайды зерттеуші-ғалым Т. Е. Трофимов [1, 42 б.].

Алайда, арнаулы курстың бұл бағдарламаларындағы атап өту қажет кемшіліктердің бірі – ұлттық мектептердегі оқыту мен тәрбиенің өзіндік ерекшеліктері мен сипаттарының ескерілмеуі. Сондықтан қазақ мектептері үшін бейімделген бағдарламаның қажеттігін өмірдің өзі талап етіп отыр.

Аталған арнаулы курсты жүргізушілер, әдетте, ана тілі әдебиеті пәнінің мұғалімдері болып келетіндігі, олардың арнаулы курсты жүргізуде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың дидактикалық-әдістемелік ғылыми негіздерін басшылыққа алып отыратындығы түсінікті. Қоғамымыздағы тілдік қатынас мәдениетінің мәселелері өзекті бола тұра, осы мәселелерді қамтитын ұлттық оқулықтар мен әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Сонымен қатар, баспасөз беттеріндегі шешендіктану туралы жарияланымдар да аса көп емес. Ал жарияланған мақалалар авторларының көбісі осы арнаны яғни шешендік өнерін зерттеп жүрген ғалымдар. Біздіңше, бұл, шешендік өнерді зерттеу, дәріптеу, тек шешендіктанушылардың ғана емес, жалпы кез келген қоғам өкілінің, қайраткерлерінің, оның ішінде тілтанушылардың ден қоятын күрделі мәселесі. Өйткені шешендік өнер, шешен сөйлеу тек әдемі сөйлеуді емес, ол кез келген тұлғаның жалпы мәдени деңгейін көрсетеді.

Тіліміздегі мол тілдік құралдарды өз ойымызды нақты жеткізуге пайдалана білгеніміз жөн. Тілді оның қолданатын ортасынан тыс алып қарау мүмкін емес. Өркениетті елдегі қоғам барлық тұрғыда мәдениетті болса керек, ендеше қоғам мүшелерінің әрқайсысы сөйлеу мәдениетін жетік меңгергені дұрыс болар еді. Осы орайда, оқушыларға әр сөзді өз мағынасына сай орынды қолдана білуге баулу қажеттігі туады.

Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістің өсу қарқынының адамзат санасында жанаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға тұрасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыси құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен адамгершілік-рухани проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы, біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегейі.

Ал жас атаулының бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – шешендіктану ғылымын игеру арқылы. Біздіңше, шешендіктану курсы оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық менталитентімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған оқушылардың ойлана сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін аталмыш саланың (риториканың) кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқытудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле

дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, баланың әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғышарт та.

Демек, шешендіктануды ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Қорыта айтсақ, қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғарғы мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Бұл орайда баса ескерер ерекше тұс – егер де адамның жалпы мәдени деңгейі, соның ішінде сөйлеу мәдениеті жеткілікті дәрежеде жоғары болса ғана, жинақталған кәсіби білім мен дағды жемісті жетістікке жеткізе алатынын болашақ мамандардың терең түсінуінің қажеттігі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Трофимов, Т. Е. Культура речи и риторика / Т. Е. Трофимов // Қазақстан мектебі. – Алматы. – 1996. – № 2.

УДК: 002.53

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ЛИЦЕЯ

Т. Ж. Сатыбаева, магистрант

Научный руководитель: Г. М. Миниус, доктор техн. наук, профессор

Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем

Мақала оқыту үрдісінің өзекті мәселесіне арналған компьютерлік оқу бағдарламалар, оқу ортасындағы негізгі компьютерлік сертификатталған әзірлеулер жөніндегі сұраныс және оқыту үрдісіндегі негізгі жаратылыстану пәндерін оқыту барысында қолданылатын жаңа технологиялар жайына арналған.

Статья посвящена актуальным вопросам эффективности использования учебных компьютерных программ (УКП) в компьютерной ориентированной учебной среде, указаны основные требования к ним и дан перечень сертифицированных разработок УКП из естественных предметов, которые можно рекомендовать для базового среднего образования.

The article deals with the efficiency of educational computer programs (ECP) use in the computer based educational environment, the basic requirements to them as well as the list of certificated developments of ECP for science subjects, which can be recommended for the base secondary education.

В образовательном пространстве учреждения действуют три субъекта: ученики, преподаватели и администрация. В ходе учебного процесса каждый из них решает свои задачи. Целью работы является рассмотрение проблем и путей решения при внедрении информационных технологий (ИТ) на примере лицея. При внедрении ИТ в образовательный процесс можно выделить две наиболее важные проблемы: финансовую и кадровую.

В результате внедрения информационных технологий:

- ученики приобретают новый уникальный инструмент для получения знаний, профессиональных навыков, которые пригодятся в дальнейшей жизни в различных сферах деятельности;
- преподаватели имеют возможность повысить эффективность и качество труда, овладеть современной информационной культурой, участвуют в различных Интернет конференциях, семинарах, уроках;
- администрация может повысить оперативность сбора и анализа информации,